

Сондықтан жобалық тапсырмалар оқу процесінде білім алушылар әлемнің жылдам өзгермелі жағдайында, яғни қызмет саласының жаңа түрлері мен беймәлім жағдайлар туындап жататын барлық нақты жағдаяттар барысында ұтымды шешімдер қабылдау дағдыларын меңгертеді. Оқушылардың дарындылығын дамытудағы бұл тапсырмалардың маңызы, ең алдымен, зерттеушілік ізденістің жаратылыстан бөлінбейтін құбылыс екендігімен түсіндіріледі. Білуге деген күштарлық, бақылауға тырысушылық, тәжірибеден өткізуге дайын тұру, әлем туралы жаңа мәлімет жинауға талпынушылық қасиеттер балаға тән дәстүрлі мінез болып саналады. Сондықтан, жобалық тапсырмалар арқылы оқушыны ізденушілікке баулу, оған зерттеу дағдысы мен білігін игерту бүгінгі білім беру саласының маңызды міндеті болып саналады [5].

Жобалық тапсырмаларды тиімді пайдалану оқушының дүниетанымы кеңейе түседі, әдеби тіл мәнерімен сөйлеуге және жазуға дағдыланады. Тапсырма жұмыстарының мазмұнына сәйкес әдістемелік негізділігі тиянақты зерттеулерді, нақты мәтіндерді дәйектемелік тұрғыдан пайдалануға үйрету арқылы шығармашыл тұлғаны қалыптастырады. Сондықтан жобалық тапсырмалар көмегімен қалыптасқан білім, білік пен дағдылар оқушылардың жоғары оқу орындарында ойдағыдай оқуына ықпалдасып, қазіргі заман талаптарына сәйкес маман болуына жол ашады. Бұл қазіргі әлем өркениетіндегі оқу мен ғылыми зерттеу жұмыс тастастығы жүйесіндегі көрсеткіштер оқушының барлық деңгейдегі оқу кезеңдерінде іздену, зерттеу қабілеттерін дамытады.

Меңгерілген ұғымдардың тереңдігінде, яғни жобалық тапсырмаларды пайдалану арқылы олардың көпқырлы дәйектері ескеріліп, білім деңгейі артады. Зерделенетін мәселелер арасында табиғи өзара байланыстың орнауымен, жетекші идеялардың бағытындағы оқу материалын қарауды қамтамасыз ететін, зияткерлік әрекет деңгейі өзгереді.

Әдебиеттер:

1. Блинов В.И., Сергеев И.С. Четыре года открытий: Проектная неделя глазами практика. // Лицейское и гимназическое образование. - 2002. №9, 29 б.
2. Бычков А.В. Метод проектов в современной школе. - 2000.
3. 6–9-сыныптарға арналған «Жобалық іс-әрекет» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік құрал. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 20 б.
4. PISA, TIMSS зерттеулерінің тапсырмалары негізінде оқушылардың ғылыми жаратылыстану сауаттылықтарын дамыту. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 40 б.
5. Қазіргі сабақты жобалау және ұйымдастыру. Оқу-әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014.

Оспан Әсел Оспанқызы

Алматы қаласы химия-биология бағытындағы

Назарбаев Зияткерлік мектебінің

қазақ тілі мен әдебиеті пәні ассистенті

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ҚОЛДАНУДЫҢ КЕЙБІР ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада ғылым мен білімнің дамуында инновациялық технологияның үлкен рөл атқаратындығы, соның ішінде, ақпараттық, зияткерлік және инновациялық білім беру технологиялары қарастырылған. Атап айтқанда басты мақсат сапаны көтеру және еуропалық

стандартқа сай білім беру жүйесі қарастырылған. Сонымен қатар ғаламторды пайдалана отырып, ата-ананың баласының оқу барысына ықпалын көрсеткен және мұғаліммен тығыз байланыста болып, оқушының сабақ үлгерімінің жақсаруына себеп болатын әдіс-тәсілдің бірі және бірегейі екеніне тоқталады.

Түйін сөздер: инновация, монолингвизм, мультимедия, аудиовизуалды, дебат, диспут тренинг.

АННОТАЦИЯ

Инновационная технология имеет особое место в развитии науки и знаний в информационной и интеллектуальной системе образования.

В статье излагается о том, что использование ИКТ дает возможность работать в тесной связи с родителями учащихся и является способом для улучшения качества знаний, а так же соответствие образования к европейской стандартизации.

Ключевые слова: инновация, монолингвизм, мультимедия, аудиовизуальный, дебат, диспут, тренинг.

ANNOTATION

Innovative technology has a special role in the development of science and knowledge, especially in the information and knowledge system.

The main purpose of this article is improve the students' knowledge and enable to make an adjustment to European standards in education system. Using the Internet is the best way to maintain a close relationship with parents and encourage students to succeed in their learning.

Keywords: innovation, monolingualism, multimedia, audiovisual, debate, debate, training.

Ғылым мен білімнің дамуында инновациялық технологиялар үлкен рөл атқарады. Соның ішінде, ақпараттық, зияткерлік және инновациялық білім беру технологияларын атап айтуға болады. Ақпараттық білім беру технологиялары – ғылыми зерттеулер мен басқарма, сондай-ақ ақпараттық және әдістемелік қамтамасыз етудегі арнайы бағдарламалар секілді білім беру технологиялары. Ақпараттық технологиялар арнайы техникалық ақпараттық құрылғыға бағытталуы мүмкін, себебі қазіргі таңда білім беру жүйесінде әр түрлі ақпараттық құрылғылар қолданылады. Мысалы: электронды оқулықтар, мультимедиялық жүйе, эксперттік жүйе, автоматты жүйе жобасы, банктер және мәліметтер базасы, электронды кітапхана каталогі және ғаламтор, сонымен қатар халықаралық байланыс және т.б. [1]. Компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз етілудің жылдам дамуы оқу жүйесіне мультимедиялық-технологиялар, ғаламторлық технологиялар секілді технологиялардың енгізілуіне алып келді, ал оны дұрыс пайдалана білу тұлғаның сауаттылығын дамытуына одан әрі жағдай жасайды. Ал инновациялық білім беру технологиясы бұл процесс ретінде белгілі бір мақсатқа бағытталған, жүйелі және тәжірибелі бірыңғай новаторлық тәсілді белгілі бір күтілетін нәтижені анықтаудан туындайтын толықтай білім беру процесінен құралған педагогикалық қолданыстарды және құралдарды енгізу болып табылады [2].

Білім беру инновациясында алдымен оқушыларға білім берудегі жаңа тәсілді түсінуіміз қажет. Атап айтқанда, мектептерде қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер қатарындағы негізгі білім беру аясын құрайтын инновациялық технологиялар: заманауи оқыту құрылғылары (соның ішінде аудиовизуалды), белсенді оқыту тәсілдері: «Миға шабуыл», «Ыстық орындық», «Сангвейн», «Венн диаграммасы», «Автор орындығы», «Семантикалық карта», «Не білемін, не білдім?», «Кубизм», «Фишбаум», «Кейстер тәсілі», «Пиза әдісі», «6 қалпақ тәсілі» және т.б. заманауи оқыту технологиялары: дебат, диспут, тренинг ойындар, постер қорғау және т.б. Сонымен қатар, әр түрлі деңгейдегі оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстары жатады.

Негізінен, қазіргі ғылым мен техниканың дамыған заманында еліміздің өркендей түсуі үшін экономикалық хал-ахуалымызды арттыру мақсатында жоғарғы мектептерде жаратылыстану бағытындағы пәндерді тереңдете оқыту қолға алынып отыр [3]. Осыған орай, білім беру технологиялары оқушылардың жеке қабілет, ерекшеліктеріне қарай ғана емес, сондай-ақ саралап оқыту тәсілі жеке дара тіл табысу арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушының жеке таланты мен шығармашылығын, дарындылығын, сабақты меңгеру қабілетін тануға көмектеседі. Ал сабақты топтық тәсіл арқылы жүргізу – оқушының өз ойын топ алдында ашық жеткізе білуге, өз қатарластарымен тығыз байланыс жүргізуіне көмектеседі.

Инновациялық технологияларды оқытудағы басты мақсат сапаны көтеру және

еуропалық стандартқа сай білім беру деңгейін қолжетімді ету. Бұл бағыттағы өзекті міндеттер:

- 1) Талапқа сай білім беру
- 2) Бағалау жүйесін еркін түрде жүргізу
- 3) Сапа және оның дамуындағы ғылым және білім интеграциясы

Қазіргі таңда еуропалық стандартта оқытылатын мектептер қатарында кейбір жекеменшік мектептерден өзге Назарбаев зияткерлік мектептерін атап өтсек болады. Мұндай мектептер республикамыздың өзге мектептеріне қарағанда 12 жылдық білім беруімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, жалпы мектептерден бөлек 11-12 сынып оқушыларына экономика, ГППР секілді пәндер ағылшын тілінде жүргізіледі. Мұндағы нәтиже оқушылардың мектеп жасынан бастап үш тілді меңгеруі болып табылады. Бұл саясат елімізді монолингвизмділікке әкеледі. Сондай-ақ, заманауи талапқа сай білім беру жолындағы педагогтердің міндетті түрде ғаламтордағы «Twig bilim», «Bilimland» және т.с.с сапалы, әрі сенімді сайттармен жұмыс жасап, ондағы керекті мәліметтерді өз сабағында қолдануы. Назарбаев зияткерлік мектептеріндегі оқу бағдарламасы да өзге мектептерге қарағанда өзгеше түзілген. Мысалы, мұнда үш тіл (қазақ, орыс, ағылшын) Кембридж технологиясы бойынша төрт дағдыға сүйеніп оқытылады. Яғни: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдысы. Бұл оқушының ойлау жүйесін дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, мектепте оқушылардың ағылшын тілінде еркін сөйлеуіне ағылшын тілі пән мұғалімдерінен бөлек, педагогика саласында арнайы білім меңгерген шетел мұғалімдері де қол ұшын беруі өте тиімді. Бағалау жүйесін жетті, талпынды, жетпеді (достиг, стремится, не достиг) түріндегі бағалау шкаласы арқылы қою үлгісі оқушылардың білім көрсеткішін анықтаудағы тиімді тәсілдердің бірі. Пән мұғалімінің күн сайынғы бағалауын оқушылар және ата-анасы ғаламтордағы күнделігі арқылы көре алады. Бұл әдіс жоғары оқу орындарында қолданылады. Демек, ата-ананың қадағалаудағы рөлі мен ықпалы өте тиімді жолмен іске асырылады деп айтуға тұрарлық. Бұл дегеніміз ата-ана мен мұғалімнің арасындағы тығыз қарым-қатынасты қалыптастырады.

Заманауи оқыту тәсілдері көбінесе компьютерлік жүйелерді, web-сайтты, электронды оқулықтарды, видеобағдарламалар мен бұқаралық ақпарат құралдарын (БАҚ) қолдануға ықпал жасайды. Мұны қолдану тек ғылыми бағытқа әкеліп қана қоймай, сондай-ақ оқушылар арасында және оқушы мен мұғалім арасындағы байланыстың белсенділігін арттырады. Сонымен қатар интерактивті құрылғылар ақпарат алмасу мен білім жүйесіндегі барлық қатысушылардың бірігіп хабар алмасуына мүмкіндік береді.

Оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану оқушының қызығушылығын арттырып, ойлау жүйесінің дамуына жағдай жасайды. Бұл тәсіл біріншіден, оқушының білімін жетілдіруге ықпал етсе, екіншіден, оқытудағы пайда болған қиындықтарды талқылауды қарастырады. Мектепте креативті оқу-тәрбиелеу аясын қалыптастыру – оқушыға білім беру уәждемесіне және оларды әр түрлі ғылыми жеке жұмыстарға баулиды.

Қорыта келгенде, болашақта кәсіби шеберлігі шыңдалған, білім деңгейі мен талабы жоғары тұлғаларды қалыптастыруға жоғарыда қарастырылған әдіс-тәсілдердің ықпалы өте зор. Мұның барлығы білім сапасы деңгейінің артуына әкеледі. Осылайша барлық дамыған мемлекеттердің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуында әлемдік өзгеріс еңсе, бұл оқытуға бұдан да жаңа инновациялық тәсілдерді әкелуге жетелейді. Білім берудегі негізгі инновациялық модельдер оқушының білім деңгейін, шығармашылығын арттыруға бағытталған жалпы адами құндылыққа бай кәсіби тұлға қалыптастырудағы педагогикалық инновациялар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шинкаренко Р.В., Попова Ю.М. ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ // Международный журнал экспериментального образования. – 2013. – № 4 – С. 329-332.
2. Козлова В.И. Феномен интенсивного обучения в контексте теории деятельности [Текст]

/ В.И. Козлова, М.А. Бондаренко // Актуальные вопросы современной педагогики: материалы междунар. заоч. науч. конф. (г. Уфа, июнь 2011 г.). / Подобщ. ред. Г.Д. Ахметовой. – Уфа: Лето, 2011. – С. 18 – 23.

3. Олешков М.Ю. Современные образовательные технологии: учебное пособие / М.Ю. Олешков. – Нижний Тагил: НТГСПА, 2011. – 144.

Оспанова Шынар Бектепбергенқызы
аға оқытушысы ҚМПИ
Қостанай қ.

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АННОТАЦИЯ

Мақалада инновациялық технологияларды оқу үрдісінде пайдаланудың негізгі ерекшеліктері қарастырылған

Түйінді сөздер: оқу, технология, инновация

АННОТАЦИЯ

В статье рассмотрены основные особенности использования инновационных технологий в учебном процессе

Ключевые слова: обучение, технология, инновация

ABSTRACT

In work are stated actual problems of the system of the formation, as well as are considered main particularities of the use innovation technologies in scholastic process

Keywords: training, technology, innovation

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

“Инновация” ұғымын қарастырсақ, ғалымдардың көбі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мысалы, Э.Раджерс инновацияны былайша түсіндіреді: “Инновация- нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея”. Майлс “Инновация – арнайы жаңа өзгеріс. Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз», – дейді.

Инновациялық құбылыстар білім беру саласында өткен ғасырдың сексенінші жылдарында кеңінен тарала бастады. Әдетте инновация бірнеше өзекті мәселелердің